

2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 5 қыркүйектегі № 1148 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Ержан Хозеұлы Қазыхановқа қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, ол Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан 2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттамаға қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2012

жылғы

5

қыркүйектегі

№ 1148

қаулысымен

мақұлданған

Жоба

2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі,

2000 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының шарттары туралы келісімнің (бұдан әрі – Келісім) 15-бабына сәйкес төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар мемлекеттерінің аумағына келуге, кетуге, транзитпен өтуге, уақытша болуға құқық беретін жарамды құжаттарға осы Хаттамаға 1 және 2-қосымшаларда көрсетілген құжаттар жатады.

Осы Хаттамаға 1 және 2-қосымшалар Келісімге 1 және 2-қосымшаларды алмастырады.

2-бап

Осы Хаттама Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады және Келісімнің 17-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді. Осы Хаттама Келісіммен бір уақытта қолданысын тоқтатады.

_____ жылғы «_____» _____ қаласында әрқайсысы қазақ, өзбек және орыс тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің бірдей күші бар.

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

Қазақстан Республикасының

Өзбекстан Республикасының

Үкіметі үшін

Үкіметі үшін

2000 жылғы 7 шілдедегі

Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен Өзбекстан Республикасының Үкіметі

арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының

шарттары туралы келісімге өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы хаттамаға

1-қосымша

Қазақстан Республикасы азаматтарының Өзбекстан Республикасының аумағына келуі, кетуі, транзитпен өтуі, уақытша болуы үшін құжаттардың ТІЗБЕСІ

1. Қазақстан Республикасы азаматының дипломаттық паспорты.
2. Қазақстан Республикасы азаматының қызметтік паспорты.
3. Қазақстан Республикасы азаматының паспорты.
4. Қазақстан Республикасы азаматының электрондық ақпарат тасымалдағышы бар п а с п о р т ы .
5. Әуе кемесінің экипажы мүшесінің куәлігі (экипаждың құрамында жүруі кезінде).

6. Қазақстан Республикасына оралу үшін куәлік (Қазақстан Республикасына оралу үшін _____ ғана) .

7. Үкіметаралық фельдъегерлік қызмет қызметкерінің жеке куәлігі.

2000 жылғы 7 шілдедегі

Қазақстан Республикасының Үкіметі

мен Озбекстан Республикасының Үкіметі

арасындағы Азаматтардың өзара сапарларының

шарттары туралы келісімге өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы хаттамаға

2-қосымша

Өзбекстан Республикасы азаматтарының Қазақстан Республикасының аумағына келуі, кетуі, транзитпен өтуі, уақытша болуы үшін құжаттардың ТІЗБЕСІ

1. Өзбекстан Республикасы азаматының дипломаттық паспорты (биометрикалық үлгіде) .

2. Өзбекстан Республикасы азаматының дипломаттық паспорты (биометрикалық үлгідегі емес – 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін).

3. Өзбекстан Республикасы азаматының паспорты (биометрикалық үлгіде).

4. Өзбекстан Республикасы азаматының паспорты (биометрикалық үлгідегі емес – 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін).

5. 16 жасқа толмаған Өзбекстан Республикасы азаматының жеке куәлігі (кәмелетке толмаған азаматтар үшін жол жүру құжаты – 2015 жылғы 31 желтоқсанға дейін).

6. Өзбекстан Республикасына оралу үшін сертификат (Өзбекстан Республикасына оралу үшін _____ ғана) .

7. Әуе кемесінің экипажы мүшесінің куәлігі (экипаждың құрамында жүруі кезінде).

8. Үкіметаралық фельдъегерлік қызмет қызметкерінің жеке куәлігі.